

«ҚЫТАЙ НАРЫҒЫНА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЭКСПОРТЕРЛАРДЫ ҚОЛДАУ ҮШІН КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛҒА КӨШКЕН ДҰРЫС. СЕБЕБІ, БҰЛ НАРЫҚТА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ. ҚАЗІР БҰЛ МӘСЕЛЕ ҮКІМЕТ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗІЛДІ. БҮГІНДЕ ЖҮКТЕРДІ КОНТЕЙНЕРЛЕУ БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ»



Оралхан КУЛАКОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының жүк қозғалысы жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы



№66 (2674)  
13/08/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ЛОКОМОТИВЫ ИСПОЛЬЗУЮТСЯ РАЦИОНАЛЬНО

В рамках программы «Цифровая трансформация» в АО «НК «ҚТЖ» приступили к реализации третьего этапа проекта «Повышение эффективности локомотивной тяги». Экономический эффект от его применения составит 3,4 миллиарда тенге.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,  
Нұр-Сұлтан

В АО «НК «ҚТЖ» к вопросам бережливого производства традиционно подходят с особым вниманием. Так, запуск проекта позволит компании рационально использовать локомотивный парк, увеличить производительность труда машиниста и его помощника, а также сократить время следования грузовых составов за счет сокращения стоянок на промежуточных станциях. При этом реализация данных мер позволит



увеличить скорость следования грузовых поездов в целом на 5%. К слову, проект «Повышение эффективности локомотивной тяги» рассчитан на 28 поездоучастков и нацелен на удлинение участков обращения локомотивов и локомотивных бригад. Первый

его этап стартовал на 15 участках Акмолинского, Костанайского, Павлодарского, Карагандинского, Алматинского, Жамбылского и Актюбинского отделений ГП. По итогам его реализации ожидается получить экономический эффект в размере около 4 миллиардов тенге.

Второй этап охватил уже 11 участков. Выгода составит 1,6 миллиарда тенге. В целом, по подсчетам специалистов, предварительный прогнозируемый эффект от реализации проекта до 2025 года составит свыше 8,5 миллиарда тенге.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### НЕОБХОДИМАЯ ПОДДЕРЖКА



АО «НК «ҚТЖ» доставило в пострадавшие от засухи западные регионы страны порядка 180 вагонов с прессованным сеном.



Сено отправляется со станций Атбасар, Аркалык, Караганда, Шелек, Тараз, Шу, Сарыағаш, Арыс, Уральск, Шымкент и других. Станции назначения – Мангистау, Узын, Шетпе, Бейнеу, Сексеул и т.д. В основном сено грузится в вагоны собственности дочернего предприятия АО «НК «ҚТЖ» – АО «Қазтеміртранс».

В июле и начале августа текущего года в Мангистаускую область доставлено 177 вагонов с сеном. В Плате перевозок на август, который формируется по заявкам грузоотправителей, – погрузить еще 164 вагона.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,  
Нұр-Сұлтан

Алексей ГРОМ,  
генеральный директор  
АО «ОТЛК ЕРА»



### Инфрақұрылым АСТАНАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының трансформация және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары Әнуар Ахметжанов астаналық станция, вагон пайдалану және локомотив депосы жұмысымен танысты.

Теміржол нысандарына жұмыс сапары қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан басталды. Аталған құрылымдық бөлімшелердің бизнес-процестерімен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесов таныстырды. Алдымен ат басын астаналық станцияға бұрды.

Нұр-Сұлтан станциясы – елдің бас қаласын барлық өңірлермен байланыстыратын кластан тыс ірі сұрыптау станциясы. Ол арқылы ТМД, Еуропа және Азия елдері арасында жүк жеткізетін негізгі транзиттік дәліздер өтеді. Әнуар Ахметжанов деңестік орталықтан-дыру бекетінің, станциялық технологиялық орталықтың, тауарлық қассаның, бағыттамалар мен белгі беруші электрлік орталықтан-дыру бекетінің жұмыс технологиясымен танысты. Бұдан кейін ол вагон депосына қарасты техникалық тексеру пунктінің өндірістік цехтарын аралап, жылжымалы құрамды депода жұмыс істейтін 650-ден астам машинист пен машинист



Локомотив депосында топ-менеджерге пойыздардың тартымына жұмсалатын отын-энергетикалық ресурстардың нақты есебін жүргізуге мүмкіндік беретін «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесінің қызметі көрсетілді. Астаналық депода жұмыс істейтін 650-ден астам машинист пен машинист

көмеқшілері төрт бағытта, Нұр-Сұлтан – Есіл, Нұр-Сұлтан – Көкшетау, Нұр-Сұлтан – Екібастұз, Нұр-Сұлтан – Қарағанды бойынша жүктер мен жолаушыларды жеткізіп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысады.

Ислам ТАЛҒАТ, Нұр-Сұлтан  
Суретті ҚТЖ баспасөз қызметі ұсынған

### НОВЫЕ МОЩНОСТИ – ВЫШЕ СКОРОСТЬ



За 5,5 суток преодолевает транзитный участок от китайской границы до пределов европейских государств контейнерный поезд на сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА».

Расстояние общей протяженностью 5 430 километров состав проходит за столь короткий срок благодаря последовательному задействованию в сервисах новых пропускных мощностей, вводу новых резервов и технологий.

Так, в начале июня на границе Казахстана с Китаем открылся новый перевалочный грузовой терминал – Dostyk TransTerminal. Целевая мощность проекта – 700 тысяч ДФЭ. Поменялась технология работы базового пограничного перехода на границе с Европой – Брест – Малашевичи. Мультимодальные сервисы с задействованием Калининградской железной дороги, базовых сервисов ОТЛК ЕРА и портов Калининградской области являются эффективным дополнением к сухопутному маршрутам на направлении Китай – Европа – Китай.

Любовь РОББА,  
Нұр-Сұлтан

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

177

ВАГОНОВ С СЕНОМ ДОСТАВИЛО ҚТЖ В ПОСТРАДАВШИЕ ОТ ЗАСУХИ ЗАПАДНЫЕ РЕГИОНЫ СТРАНЫ

ПО ИТОГАМ 7 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА ПО СЕТИ КАЗАХСТАНСКОЙ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ПОГРУЖЕНО СВЫШЕ

147 млн

ТОНН ГРУЗОВ

С НАЧАЛА ГОДА В АКМОЛИНСКОМ РЕГИОНЕ ПОГРУЖЕНО

2,4 млн

ТОНН ЗЕРНА

### ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫН КІДІРТТІ



Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданы аумағында екі күнге созылған далалық өрт теміржолға да қауіп төндірді. Қауіпсіздік үшін жолаушылар пойызы екі сағатқа кідіруге мәжбүр болды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Облыстық төтенше жағдай қызметінің мәліметінше, дала өртінің ауданы 15 мың гектарды құрады. Өзірге өрттің шығу себебі белгісіз. Адами фактор болуы да мүмкін. Ақтөбенің Әйтеке би және Хромтау аудандары аумағында болған дала өртінің сөндіру жұмыстары екі күнге созылды. Дала өрті теміржолға да қауіп

төндірді. Оқиға 6 тамыз күні таңғы сағат 6:00-де Жоса-Құдықсай телімі бойынша теміржолға өрт қауіпі төніп келеді деген хабарлама түскен сәттен басталды. Ақтөбе жол бөлімшесінің бұйрығымен тез арада Әйтеке би өрт сөндіру пойызы оқиға орнына жөнелтілді. Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаевтың айтуынша, белгіленген уақытта Жоса станциясына келген өрт сөндіруші жасақ бірінші күні

тек кезекшілікте тұрған. Далалық өрт Жоса станциясына кемі 600 метр қашықтықта жанып жатты. Тасөткел селолық округі тұрғындарынан құралған ерікті құтқарушылар өртпен күресіп жатты. Өрт теміржолға қауіпсіз болғандықтан Әйтеке би өрт сөндіру пойызы төрт сағат кезекшілікте тұрып, кейін қайтып кеткен. Бір тәуліктен асқанда «далалық өрт теміржолға қауіп төндірді» деген дабыл қайта қағылып, Әйтеке би

өрт сөндіру пойызы 12 адаммен оқиға орнына жедел аттанады. Жел бағыты өзгеріп және күшеюіне байланысты теміржолға да қауіп төне бастайды. Марс Ержанов бастаған Әйтеке би өрт сөндіру пойызының жеке құрамы қызыл жалынды теміржолға жақындатпауға бар күшін салды. Олар өрт сөндіру пойызындағы 50 тоннадан екі цистерна суды түгел таусыған. «Өрттің өршіп кеткені сондай,



жолаушылар пойыздарын қауіпсіздік үшін 2-3 сағатқа кідіруге мәжбүр болдық. Әйтеке би өрт сөндіру пойызы Арқа, Әйтеке би, Никельтау аймағындағы теміржол бойын өрттен қорғайды. Оған мүмкіндігі толық жетеді. Дегенмен, алдағы уақытта Қарабұтақ елді мекенінен өрт сөндіру депосын

ашса, құба құп болар еді. Облыс әкімшілігі өткен жағдайды сараптап, осыған көңіл бөлсе екен», – дейді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Төтенше жағдайлар қызметі өрт найзағайдан тұтануы мүмкін деген нұсқаны да жоққа шығармады.



## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҮЛЕС

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан



**Магистральдық желі дирекциясында «Батарейканы тапсыр да, кірпіні сақтап қал» акциясы өтуде. Акция әрбір адамның экологиялық мәдениетін арттырып, қоршаған орта қауіпсіздігін өз үлесін қосуын көздейді.**

«Жобаның идеясы – ҚР Экологиялық заңнамасын басшылыққа ала отырып, Магистральдық желі дирекциясының барлық кәсіпорындарында батарейкаларды жою бойынша жүйені құру. Сондай-ақ, Дирекция қызметкерлері арасында қауіпті қалдықтар қатарына жататын батарейкаларға жеңіл-желпі қараудың теріс әсерлері туралы, оларды сауатты жою қажеттілігі туралы ақпаратты кеңінен тарату», – дейді Дирекцияның Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Қуанышбек Қосымов.

Магистральдық желі дирекциясының құрамына 125-тен астам кәсіпорын кіреді, және оларда батарейкаларды бір жерде жинау үшін контейнерлер орнатуға, сосын оларды әрі қарай жою бойынша жұмыстар жүргізіліпті. Департамент өкілі, батарейкаларда адам үшін аса қауіпті литий, никель, қорғасын, кадмий, сынап сияқты металдардың көп мөлшері бар екенін айтады. Мәселен, никель дерматитке әкелсе, кадмий адамның өкпесі мен бүйрегін зақымдайды екен, ал уытты сынап буы ми мен жүйке жүйесін әсер етеді.

Жалпы, ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, бір батарейканы өзі екі ағаш өсетін, 1 кірпі, екі көртышқан, бірнеше мың жауын құрты өмір сүретін кеңістікті ұландыруы мүмкін. Ал қоқыс орындарынан аққан ластанған сумен және ауамен бірге зиянды заттардың үйлерімізге де еніп жататыны кәміл. Бір қарағанда, бұл проблема үлкен болып көрініп, біздің қолымыздан ештеңе келмейтін сияқты әсер етуі мүмкін. Алайда, үлкен проблемалар кішкентай түйткілдерден бастау алады. Ал кішкентай проблеманы жою кім-кімнің болсын қолынан келеді дейді мамандар. Батарейканы кез келген жерге емес, тиісті контейнерлерге тастау арқылы қоршаған ортаны қорғау мүмкіндігі бар.

## ҚОЗҒАЛЫСҚА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУДЕ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда



**Қызылорда жол дистанциясы бөлімшенің Түркістан мен Жосалы станциясы арасындағы телімдерде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне жауап береді. Жыл басынан бері дистанция теміржолшылары тарапынан қозғалыстың бұзылуына жол берілмей, қандай да бір апаттық жағдайлар, оқыс оқиғалар орын алмаған.**

Дегенмен, қауіпсіздікке төрт түліктен, одан қалды бейсауыт жүрген адамдардан төнетін қауіп сейілмей тұр. Жыл басынан бергі жеті айда пойыз машинистері 59 мәрте жедел тежегіш қолданса, шілде айының өзінде 8 рет оқыс тоқтауға мәжбүр болған.

Қызылорда жол дистанциясының 2-өндірістік телім басшысының орынбасары Рүстем Досымовтың мәлімдеуінше, жылжымалы құрам машинистерінің жедел тежегіш қолдануына мәжбүрлеген 59 жағдайдың тең жартысына жол үстіне шығып кеткен несіз мал себеп болса, жартысы бөгде адамдардың кесірінен болып, пойыздар кестеден кешіккен. Оқиғалардың басым бөлігі дистанцияның 1 және 2 телімдерінде, яғни тұрғындар тығыз қоныстанған аумақтарында орын алған.

– Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін теміржолдың қауіп-қатері жайлы халыққа түсіндірудей-ақ түсіндіріп келеміз, жол бойына сым қоршаулармен бөгет жасау жұмыстары да тұрақты жүргізілуде. Дегенмен, аталған кедергілер сейілер емес. Әсіресе 2725-2781-2826-3030 шақырымдарда, тұрғындар жиі қоныстанған елді мекендерде пойыздар қозғалысына төнетін қауіп көп. Жол бойындағы халықты аралап, жолға жақын мал жаю, теміржолды белгіленген жерлерден ғана кесіп өту ережелерімен таныстырып, ҚР кодексінің 439-бабына сәйкес кінәлілер әкімшілік жауапқа тартылатындығын ескерткенмен нәтиже болмай тұр, – дейді Рүстем Досымов.

Дистанция басшылығы оқыс оқиғалар жиі орын алатын Шиелі станциясы маңына, Қызылорда қаласының Шұғыла-КБИ, Белкөл және ЦКЗ шағын аудандары тұсындағы қауіпті саналатын орындарға теміржол өткелін, көпір салу қажеттігін және ЖІБ инспекторларының тұрақты бақылауға алып кезекшілік ұйымдастыруын ұсынып тиісті орындарға бірнеше мәрте ресми хат жолдаған, алайда олардан да еш әрекет болмай тұрған сыңайлы.

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

**Бес жүз шақырымнан асатын жолдың бабын жасап отырған Маңғыстау жол дистанциясының жолшылары бұрынғыдай лом, күрек пен қайла көтеріп жүруден құтылған, өйткені қол күшін қажет ететін жұмыстардың жетпіс пайызы жаңа технологияның көмегімен атқарылуда.**

Нәтижесінде жол табаны жыл өткен сайын жаңарып, жақсарып келеді. Қазір мұнда бас жолдарда Р43 типті рельстерді іздесең де таба алмайсың. Негізінен Р65 рельстері төселген. Оның ішінде ұзартылған плиттер салу жұмыстары да қарқынды жүргізіліп жатыр. Биылдың өзінде екі перегонда №10-11 және 15-16 бекеттер арасында салынған.

– Біз қазір рельстердің ұзындығын желі шақырымға дейін ұзарттық, екі перегонның жолы жаңадан. Келесі жылға да жоспарлануда. Бұл түйіспелерді азайтады, ұзын рельстердің түйіспесіз, болтсыз болуы оның күтімін де оңайлатады, қозғалысқа да пайдасы көп. Оған қоса жаңа технология артық жұмысты жеңілдетеді. Техникаларымыздың да жағдайы жаман емес. Кіші механизмге көштік. Бұрын лом, күреппен атқарылатын жұмыстардың жетпіс пайызға жуығы енді механизмдермен жасалады. Кемшілік әлі де бар әрине,



дегенмен болашақта барлығы жаңа технологияға көшірілсе, жолшылар жұмысы әлдеқайда жеңілдейтін болады, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының бастығы Бекберген Құрбанов.

Ай сайын екі рет жол жағдайын тексеріп өтетін МДК вагоны биылдыққа бір шақырымнан ғана ақау тауыпты. Ол да болса жаңа

салынған, әлі толық тапсырып болмаған Құрық-Ерсай кірме жолында. Өткен жылы салыстырмалы уақытта бұл вагон дистанцияның төрт шақырым жолынан ақаулы анықтаған екен. Биыл жолдағы кемшіліктер төрт есеге дейін кеміген. Сондай-ақ, аталған диагностика вагонының жұмысы жолға қойылғалы бұрынғы тележкалармен жүріп,

жолды тексеретін операторлар жұмысы 26 адамнан 18 адамға азайған. Күні бойы ауыр арбаны сүйреп жолда жүретін мамандар басқа жұмыстарға ауыстырылған. Одан басқа төрт оператор жаңа шыққан жол тексеру арбасымен қамтылған.

– Біздің тарапымыздан жол қатынасына кедергі келтіретін ешқандай себеп жоқ. Жолдың немесе қарсы қиылыстардың ақауына байланысты пойыз жылдамдығын төмендету жағдайлары тіркелмеді. Пойыздарға қандай жылдамдық берілсе, сонымен жүріп жатыр. Бірақ қозғалысқа қауіп төндіріп тұрған бір ғана мәселе, ол – жолға мал шығуы. Қуаңшылықтан көп жердің шөбі күйіп кетіп, малдар теміржол жағасына шыққан шөпті жағалап кетті. Жолды қоршау, жөндеу жұмысы күнделікті атқарылуда. Биыл жоспар бойынша 25 шақырым малға қарсы қоршау салуымыз қажет. Соның 10 шақырымын жеті айда бітірдік. Қалғанын жылдың соңына дейін толық аяқтаймыз, – дейді дистанция бастығы.

Түбектік жолшылар биылғы жоспар бойынша №12-13 бекет арасында 17,460 км жолға күрделі жөндеу өткізу жұмысын сонау мамыр айында бітіріп қойған. Келесі жылы тағы да екі перегонда – №14-15 бекеттер, №16 бекет-Маңғыстау станциясы арасында 22 шақырымнан жалпы 44 шақырымға жоспарлап отыр.

*Суретті түсірген автор*

## ТАСЫМАЛ ҮШІН ТИІМДІ БОЛЖАМ



АЙМАҚ

**Қазақстанның көлік әлеуетін дамытуда стратегиялық маңызға ие, аумағы да, ауқымы да кең, соған орай жұмыс көлемі де үлкен әрі күрделі Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бірінші жартыжылдықты жақсы жетістіктермен қорытындылады. Бөлімше басшылығы екінші жарты жылға да ауқымды жұмыстар жоспарлап отыр.**



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Еліміздегі ең үлкен мұнай компаниялары шоғырланған өңірде бөлімшенің жүк көлемінің 70-80 пайызын мұнай және мұнай өнімдері құрайды. Бөлімше бойынша 50-ден астам ірілі-ұсақты станциялар мен құрылымдық бөлімшелерде 6 мыңнан астам адам еңбек етеді.

– Жарты жылда жүк айналымы жүз пайыздан жоғары болды. Алты айда ол жоспардағы 4828-ден асып, 5069,5 млн тмнеттоны құрады, яғни 105 пайызға орындалды. Жүк тиеу көрсеткіші де 100%-ға орындалып, өткен жылмен салыстырғанда 43,5 мың тоннаға артық болды. Қысқасы, негізгі тасымал қызметі бойынша кіріс 17 млрд 945 млн 348 мың теңгені құрады. Бөлімше өңірдегі тасымал сұранысын толықтай қамтамасыз етіп отыр. Айта кетерлігі, бүгінгі күні станцияларда пойыздарды өткізу қабілеті орташа есеппен алғанда тәулігіне 19-дан 28 жұп пойызға дейін өсіп отыр, – деп ақтар берді бөлімше басшысының бірінші орынбасары Самат Құлмаханов.

Айтуынша, тасымал тасқынын жақсарту үшін соңғы жылдары аймақта бес разъезд ашылып, Мақат станциясындағы сұрыптау дөңесі реконструкцияланған. Ақжайық және Теңіз станцияларының қуатын арттыру бағытында да біраз жұмыстар атқарылыпты. Қайта жаңғырудан өткен Теңіз станциясы үлкен әлеуетке ие. Атырау мұнай өңдеу зауытымен қоян-қолтық жұмыс істейтін станцияның

қуатын арттыруды да компания басшылығы бастама етіп көтерген болатын, нәтижесінде оң шешімін тапқан. Станцияларда бұрмалар түгел автоматтандырылып, нәтижесінде вагондарды қабылдау-жөнелту тездетіліп, жұмыс та жеңілдей түскен. Оның үстіне жол жөндеу жұмыстары нәтижесінде өңірдегі жолдардың 60 пайызы темір-бетонға жаңартылған. Өткен жеті айда бөлімшеде қозғалыс және еңбек қауіпсіздігін бұзу оқиғалары немесе өндірістік жарақат алу тіркелмеген.

Экономикалық көрсеткіштердің өсуі еңбекақы өсіміне ықпал ете ме, өңір теміржолшыларының орташа жалақысы қандай деген сауалымызға орай білгеніміз, бүгінде жұмысшының орташа айлық еңбекақысы жоспардағы 222664 теңге орнына 248 199 теңгені құрап, өсім – 25535 теңге болған.

– Әрине, экономикалық өсім бар жерде пайда бар деген сөз. Бөлімше бойынша айтсақ, негізгі қызметтер бойынша табыс бюджетін орындау 106% деңгейіне жетіп, 25 млрд 175 млн 626 мың теңгені құрады. Тасымалдан түскен табыспен қоса локомотив тартудан 5 млрд 928 млн 844 мың, қосалқы-көмек қызметінен 230 млн 292 мың теңге табыс түскен. Жалпы бөлімше бойынша еңбек өнімділігі 108 пайызға орындалып, нақты 2179 тмнетто/адамды құрады. Биылғы 1 қаңтардан бастап компания бойынша бүкіл теміржолшылардың еңбекақысы 10 пайызға өскені белгілі, елдегі қымбатшылық жағдайға,

азық-түлік, тұтыну тауарлары мен қызмет бағасының өсуіне орай 1 шілдеден бастап басшылық орташа жалақыны тағы да 10 пайызға өсірді. Яғни теміржолшылардың әл-ауқат деңгейінің жақсаруына жағдай жасалуда, – дейді Самат Бисенғалиұлы.

Өңірдің барлық елді мекендері ауыз су және табиғи газбен 100 пайыз дерлік қамтамасыз етілген. Көмір жағатын мекеме жоқ деуге болады. Рас, Жантөрек, Мұқыр станцияларына су арнайы көлікпен жеткізіледі. Бірақ жергілікті атқарушы орган тарапынан жұмыстар жүргізіліп, су құбыры бұл өңірлерге де тартылыпты. Демек, алдағы уақытта су тасу шығыны азаяды деген үміт бар.

Ұжымдық шартқа сай жұмысшылардың арнаулы киімдермен қамтамасыз етілуі де назарда. Қазіргі пандемия жағдайының күшеюіне байланысты жұмысшылар антисептик, маска, бір реттік қолғаптармен де толықтай қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту мақсатында 22 млн 006 мың теңгеге кондиционер, қысқа толқынды пеш, диспенсер, мұздатқыш санды тауарлар сатып алынғыпты.

Бөлімше үшін екінші жартыжылдықтағы басты мақсат – ең алдымен тасымал тасқынын тоқтатпау. Жүк тиеу көлемін өткен жылмен салыстырғанда 10,5%-ға арттыруды көздеп отыр. Яғни, өткен жарты жылда жүк тиеу 5 млн 319,1 мың тонна болса, енді соны екінші жартыжылдықта 5 млн 325 мың тоннаға жеткізуді көздейді.

– Оған алғышарттар да жоқ емес. Атырау мұнай өңдеу зауытымен қоян-қолтық жұмыс жасайтын Теңіз станциясы арқылы «БатысТрансГрупп» ЖШС-мен тәулігіне 12,865 тонна мұнай өнімдері тиеледі, сол секілді Қарабатан станциясы арқылы ай сайын 60 вагоннан 27-ден 32-ге дейін маршрут жүреді, ал Құлсары станциясынан «Тенішевройл» ЖШС-мен тәулігіне орташа есеппен 12 мың 920 тонна мұнай өнімдері тасымалданады деп болжанауда. Бұл – біз үшін тиімді болжамдар, – дейді Самат Құлмаханов.

*Суретті түсірген автор*

## САЛА ЖҰМЫСЫН ШИРАТҚАН ШАРАЛАР



ВАГОН  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Жамбыл вагон пайдалану депосының басшылары мен командалық-инструкторлық құрамы технологиялық процесс талаптарының сақталуын жоспарға сай тексеріп отырады.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
Жамбыл облысы

Депо басшысы Талғат Жасұзақовтың айтуынша, кепілдік учаскелерде пойыздардың вагондарды ағытпай өтуі бойынша

барлық қажетті шаралар қабылданады. Жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету пункттерінің вагондарды дайындау сапасына бақылауды күшейту бағытындағы шаралар да үнемі жетілдіріліп отырады. «Деподағы күрделі жөндеу жұмыстары,

технологиялық процестер, нұсқаулықтар және басқа да нормативтік құжаттар негізіндегі жұмыстар, олардағы талаптардың орындалуы назардан түскен емес. Вагон қабылдаушылардың бақылауын қамтамасыз ете отырып, жоспарлы жөндеу түрлерінен вагондарды қабылдау сапасын арттыруға мән береміз. Негізгі техникалық қызмет көрсету пунктіннің мамандары да пойыздарды өңдеу сапасын жақсарту бойынша тұрақты бақылау жүргізеді», – деп атап өтті Талғат Советұлы.

Депо басшылары мен командалық-инструкторлық құрам әрбір тексерудің нәтижелері бойынша анықталған өзгерістердің туындау себептеріне егжей-тегжейлі талдау

жасайды. Анықталған ескертулерді жою және қайталауға жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасақталады.

«Аталған жоспардың аясында пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жүк вагондарының құйылған бөлшектерінің сыну жағдайларын болдырмауға бағытталған шаралар қабылдау мақсатында «Бүйір жақтауын бақылаудың» төрт айлығы өтті. Сонымен қатар телеграфтық нұсқау негізінде ақаулы доңғалақ жұптарының, арбалардың құйылған бөлшектерінің, тежегіш жабдықтарының және автотүрікеш құрылғыларының ақаулары қаупін төмендету үшін «Жоғары қырағылық» айлығын өткіздік. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығының тапсырмасымен «Кәсіби білікті арттыру» айлығын жарияладық», – дейді Талғат Жасұзақов.

Маманның айтуынша, теміржол тасы-

малында тұтқалары, баспалдақ сатылары, алаңдарының ақаулары бар жүк вагондары пайдаланылып жатады. Ал бұл теміржолшының өндірістік жарақаттар алуына себеп болады. Сондықтан сындыай олқылықтардың алдын алу мақсатында «Вагонның (тұтқалар, сатылар, алаңдар) технологиялық тұрақтылығының тиімділігі» атты еңбекті қорғау айлығы ұйымдастырылған. Мұнымен қоса, тұрмыстық-техникалық қалдықтарды тасымалдауды қабылдау кезінде тиеуді сапалы қарау бағытында арнайы шаралар өткен.

«Мамыр айында Шу, Тараз, Түркісіб станцияларында сұрыптау нүктелерінде вагондарды тарату технологиясын сақтау бойынша іс-шаралар легін өткіздік. Бұлардың әрқайсысы бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, есептер ұсынылды», – деген depo басшысы бұл шаралар саладағы жұмыстарды ширатқанын мәлімдеді.





## СТРОГО ПО ГРАФИКУ



РЕМОНТ

**В ходе летних путевых работ в Алматинском регионе запланирован капитальный ремонт 67,11 километра пути. В этом году оздоровление пути проходит на Актогайской и Бескольской дистанциях пути. Летняя ремонтно-путевая кампания направлена на обеспечение безопасности и надежности функционирования железнодорожного транспорта.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Капитальный ремонт пути проходит на перегоне Каратас – Акбалык – Арганаты в объеме 20,27 километра и на перегоне Бесколь – Жайпак – 46,84.

На перегоне Жайпак – Ашки специалистами уложена решетка 23,5 километра. На данный момент проведено 17 технологических окон. Уложен 1-й путь на станции Бесколь – 1 807 километров. С 24 мая начался капитальный ремонт на перегоне Бесколь – Жайпак, здесь

уложена решетка 16,194 километра.

Кроме того, в этом году запланировано строительство ограждения от выхода скота на железнодорожный путь в объеме 250 километров, в том числе на участках Актогайской, Бескольской, Алматинской и Алтынкольской дистанций пути. На сегодняшний день проводятся работы по установлению столбов.

– Несмотря на аномальную жару и обильные дожди, летняя ремонтная путевая кампания проходит без срывов, строго по графику, – отмечает начальник отдела пути Алматинского отделения

магистральной сети Руслан Нурболат.

Задействованы универсальные путевые машины, проведена рихтовка пути, шпифовка, также осуществлена очистка щебня. К примеру, путеукладчик УК 25/18, электробалластер ЭЛБ-3, выправочно-подбивочно-отделочная машина непрерывного действия ВПО-3000, выполняющая за один проход комплекс работ: дозировку и уплотнение балласта, подбивку, выправку и отделку железнодорожного пути, щебнеочистительная машина РМ-2002.

В ходе работ меняются шпалы, обновляются стрелочные переводы и рельсы. Также проведено «лечение земляной подушки». Это значит, что в месте, где проседает путь, добавляют грунта, бетона и укладывают специальную сетку. В летней ремонтно-путевой кампании задействованы практически все службы. Наряду с ремонтниками работают монтеры пути, которые головой отвечают за каждый километр пути, выполняют задачу по содержанию железнодорожного пути в исправном состоянии, чтобы по стальной магистрали бесперебойно и без отклонений от графика могли следовать поезда.

Еженедельно ход выполняемых работ рассматривается на селекторных совещаниях со всеми причастными службами.

*Фото автора*

## ЗАДАЧА – БЫТЬ ЛИДЕРОМ



ТМТМ

**В 2021 году Транскаспийский международный транспортный маршрут продолжает обеспечивать высокие объемы грузооборота. За первое полугодие перевезено 7,4 тысячи контейнеров, что больше аналогичного периода прошлого года в 2,3 раза.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Нур-Султан

С 2017 по 2020 год по маршруту перевезено более 3,9 миллиона тонн внешнеторговых грузов, в том числе 71 тысяча контейнеров в 20-футовом эквиваленте, из них казахстанские экспортные грузы – 2,1 миллиона тонн.

На сегодняшний день значительная часть грузопотока представлена широким спектром казахстанской экспортной продукции, а именно продуктами нефтехимии, черными и цветными металлами, углем, ферросплавом, зерновыми, масличными, бобовыми культурами и многими другими видами грузов. Одновременно ТМТМ успешно и целенаправленно продвигает услуги по контейнерной транспортировке грузов из Китая и стран Центральной

Азии в сторону запада – в страны Европы, Африки – и в обратном направлении.

Развитию ТМТМ способствовало формирование конкурентоспособных тарифных ставок. К примеру, решение АО «НК «КТЖ» предоста-

базового уровня на вагонные перевозки (10 позиций), на контейнерные перевозки фидерным судном (23 направления) и паромным сообщением (11 направлений) из Китая, Казахстана, стран Центральной Азии

**С 2017 ГОДА ТАРИФЫ НА МАРШРУТЕ ТМТМ СНИЖЕНЫ НА 60% ОТ БАЗОВОГО УРОВНЯ НА ВАГОННЫЕ, КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ФИДЕРНЫМ СУДНОМ И ПАРОМНЫМ СООБЩЕНИЕМ ИЗ КИТАЯ, КАЗАХСТАНА, СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ТУРЦИЮ, РУМЫНИЮ, УКРАИНУ, ПОЛЬШУ, А ТАКЖЕ В ОБРАТНОМ НАПРАВЛЕНИИ.**

вить благоприятные тарифные условия на перевозку грузов, а также контейнерных составов в/из Республики Узбекистан транзитом через нашу страну позволило увеличить число экспортных грузоперевозок.

С 2017 года тарифы на маршруте ТМТМ снижены на 60% от

в Турцию, Румынию, Украину, Польшу, а также в обратном направлении.

Кроме того, особое внимание грузоотправителей в последнее время привлекает срединный коридор (Middle Corridor). Проект, реализация которого началась в 2013 году, представляет собой

международный транспортный коридор, пролегающий через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию и далее в Турцию и страны Европы. За первое полугодие текущего года по Middle Corridor пропущено 60 контейнерных поездов.

Маршрут из китайского города Сиань в турецкий Измит уже отнесен к разряду регулярных. Контейнерный поезд «Nomad Express» отправляется в путь каждые десять дней и следует по строгому расписанию. За январь-июнь по нему прошли 19 железнодорожных грузовых составов.

Маршруты назначения в турецкие Мерсин и Черкезкой также претендуют к концу года закрепиться в регулярном расписании. За первые 6 месяцев текущего года сюда транзитом через Казахстан проследовало 34 контейнерных поезда, еще 19 контейнерных поездов в Поти (Грузия) и 7 – в Баку (Азербайджан).

«Nomad Express» сегодня показывает следующий бенчмарк в скорости движения: Шихези (Китай) – Кишлы (Азербайджан) – 6 суток, Ильичевск (Украина) – Достык (Казахстан) – 16, Ляньюньган (Китай) – Стамбул (Турция) – 18-19, Чэнду (Китай) – Стамбул (Турция) – 17 суток.

## НУЖЕН ПЕШЕХОДНЫЙ ПЕРЕХОД



СИТУАЦИЯ

**В Карагандинской области за прошедших два года зафиксировано пять случаев наезда на людей. При этом основная причина травматизма на путях – неосторожность и невнимательность граждан, переходящих рельсы в неустановленных местах.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Согласно статистике, 20% пешеходов, пострадавших на железной дороге, сокращают путь, ходят в наушниках и не слышат звуковые сигналы локомотива либо находятся в состоянии алкогольного опьянения.

Так, в январе прошлого года в Караганде грузовой поезд переехал 63-летнюю женщину, когда она переходила через пути. Несчастный случай произошел в черте города – в районе ДСК. В этом месте расположен тупик, и местные жители вынуждены переходить через железнодорожное полотно, чтобы попасть на работу, в школу или магазин.

– В настоящее время работники акимата, ЛОВД и железнодорожники проводят разъяснительную работу среди взрослого населения и школьников по соблюдению правил безопасности вблизи железно-

рожного полотна, переходу пути только в установленных местах, – сообщил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев.

Тем временем, жители станции Большая Михайловка жалуются на то, что им приходится преодолевать долгий путь, чтобы попасть к центру города, то есть в школу и больницу. Сначала вдоль железной дороги они вынуждены обходить многочисленные составы, затем через частный сектор идти к автобусной остановке. Стоит учесть, что в поселке проживает много школьников и пожилых людей. Когда – то через рельсы здесь был проложен пешеходный переход, однако составы его постоянно загромождают. Карагандинцы регулярно снимают эти ситуации на видео и выкладывают в Интернет.

По словам заместителя руководителя отдела коммунального хозяйства, пасса-

жирского транспорта и автомобильных дорог Караганды Рустема Кожаканова, для строительства моста необходимо разработать проект, согласовать его с АО «НК «КТЖ» и пройти экспертизу. После этого проект можно воплощать в жизнь. Соответствующие меры безопасности должны быть учтены. В лучшем случае путепровод начнет функционировать лишь в 2022 году. Получается, жителям Михайловки осталось ждать еще год. Между тем акимат города Караганды решил не терять время зря и заказал разработку проектно-сметной документации на строительство надземного перехода через железную дорогу на станции Большая Михайловка.

Первый вариант надземного пешеходного перехода связан с установкой длинного и многоуровневого пандуса. Он не требует больших затрат на обслуживание. Но его отрицательная сторона в том, что по пандусу долго подниматься. Второй вариант с электроподъемником, наоборот, удобен в использовании, и с его помощью легко и быстро можно подняться наверх. Но такой лифт требует большого расхода электроэнергии, сервисного обслуживания и защиты от вандалов.

Жителям станции Большая Михайловка все равно каким будет переход, главное, чтобы он был безопасным. И с ними трудно не согласиться.

## К МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ

**Кирилл МАКСИМОВ,**  
Нур-Султан



ПОРТ

**Сотрудники ТОО «Порт Курык» прошли тренинг по проекту внедрения международных стандартов ISO в области качества и экологии, безопасности труда и охраны здоровья.**

Для достижения лидирующих позиций по обслуживанию экспортных и транзитных грузопотоков в Каспийском регионе в порте Курык внедрена интегрированная система менеджмента в соответствии с международными стандартами.

В ходе обучающего тренинга представители ТОО «Тренинговый центр «Bastau» рассказали о преимуществах версии стандарта ISO 9001. Участники ознакомились с основами улучшения результативности системы менеджмента качества по международному стандарту ISO 9001/СТ РК ISO 9001.

Кроме того, работники порта получили ценные знания по обеспечению безопасности на производственных объектах. По завершении обучения участникам вручили сертификаты.

Наличие на предприятии специалистов, прошедших такую подготовку, значительно повышает эффективность работы по внедрению стандартов ISO и развитию системы менеджмента качества.



## РЕКОРДЫ ПОГРУЗКИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ИТОГИ

**В Костанайском отделении грузовых перевозок перевыполнили план погрузки по итогам июля.**



Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по логистике Ерден Аманов, при техническом плане погрузки на июль 42 тысячи 935 вагонов фактически отгружено 45 тысяч 058. В среднем в сутки на станциях региона отгружалось 97,3 тысячи тонн.

В том числе по основной номенклатуре: руда железная при плане погрузки на месяц в 1 миллион 853,7 тысячи тонн фактически погрузено 1 миллион 860,2 тысячи тонн. К факту прошлого года погрузка увеличена на 257,3 тысячи тонн. Руда цветная – 11 425 вагонов, что выше плана на 15 058 вагонов. Строительных грузов погрузено 1 153 вагонов, это выше плана на 191 вагон. Зерна – 107,3 тысячи тонн, продуктов перемолы – 1 072 вагонов.

*Фото автора*

## ПРОИСШЕСТВИЙ СТАЛО МЕНЬШЕ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Нур-Султан



БЕЗОПАСНОСТЬ

**За семь месяцев 2021 года по участку обслуживания линейного управления полиции на станции Нур-Султан допущено 67 экстренных торможений.**



По статье 559 ч.5 КоАП РК установлено 10 фактов, а по статье 559 ч.1 – 25. Между тем статистика этого года показала положительную динамику по отношению к данным за аналогичный период 2020 года.

Один из последних случаев пренебрежения правилами безопасности движения произошел 5 августа. В линейное управление полиции на станции Нур-Султан поступило сообщение от диспетчера ПЧ-20 о том, что на 755-м километре перегона Тастак – Косчеку машинист грузового поезда применил экстренное торможение. Причина резкой остановки – находящаяся на железнодорожных путях лошадь. Экстренная остановка продлилась 6 минут.

Вскоре стражи правопорядка установили хозяина лошадей, он привлечен к административной ответственности.

*Фото автора*



Көзқарас

АРДАГЕРДІҢ АЙТАРЫ БАР...

Жылдағыдай биыл да тамыздың бірінші жексенбісі дәстүрлі Көлік қызметкерлері күні аталып өтті. Соңғы жылдары жалпы көлік қызметкерлерінің ортақ мерекесі болып ресми бекітілсе де көпшілік үшін ол сол баяғыша теміржолшылар күні болып қалған секілді.

**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Өйткені, біздің елде бұл күнді елеп-ескеріп, тойлап жатқан негізінен теміржолшылар, ал автожол қызметкерлері құрылысшылар күнін «меншіктеп» алған. Сонымен отандық теміржолшылар аты өзгергенмен, заты өзгермеген мерекені кезекті рет атап өтті.

Отандық теміржол саласының корифейлерінің бірі, Құрметті теміржолшы Әби Сарқыншақовтың бұл орайда айтары бар. Күні бүгінге дейін қоғамдық шаралардан тыс қалмай, саладағы жаңалық-өзгерістерге құлағы түрік жүретін ардагер нағыз шежіре, «тірі энциклопедия» десек болғандай. Әби ағаның архивінде жоқ нәрсе жоқ шығар. Бізге сонау өткен ғасырдың 30-40 жылдары жарық көрген газет тіпінділерін, құжаттарды көрсетіп, қателігімізді бетімізге басып талай ұялтқан...

Ардагердің айтуынша, теміржолшылар күні патшалық Ресейде 1896 жылы елде теміржол құрылысын салуды бастаған император І Николайдың туған күні құрметіне 25 маусым болып бекітілген. 1917 жылға дейін Ресейде бұл күні теміржолшылар тіпті жұмыстан босатылып, мерекені тойлаған екен.

Революциядан кейін тоқтап қалған бұл дәстүр 1936 жылы жұлдыз тауып, кеңес үкіметінің арнайы қаулысымен тамыздың бірінші жексенбісі теміржолшылар күні болып бекітілген. Содан бері бұл күн барша кеңес елінде дәстүрлі теміржолшылар мерекесі ретінде кең көлемде аталып өтетін болды.

– Бірақ Қазақстанда бұл күннің атауы өзгеріп, «Көлік қызмет-

керлерінің күні» болып кетті. Теміржолшылар деген елдегі 150 мың адамды құрайтын ең үлкен жұмысшылар ұжымының төл мерекесін өз атауында қалдыру керек еді деп санаймын, бүкіл өмірін осы салаға сарп етіп, теміржолшы болғанын мақтан тұтатын, оны ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп, атакәсібіне айналдырған әулеттер үшін бұл өте маңызды. Мысалы, бұл күні мен өзімді Көлік қызметкерлері күнімен емес, Теміржолшылар күнімен құттықтағанды қалар едім, – дейді теміржолдың «майын ішіп, жілігін шаққан» ардагер.

«Ресейде осыған байланысты түрлі пікірлер мен ұсыныстар айтылып жатыр. Көрші ел теміржолшылар күнін баяғы І Николай патшаның туған күніне орайластырып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді қоспа жатыр, таяу уақытта солай болуы әбден мүмкін» деп қосты ақсақал.


Ал біз ше, тағы Ресейге қарап патша ағзамның туған күнін тойлауға көшеміз бе? Жалпы, ардагер дұрыс айтады, «Көлік қызметкерлері күні» деп меншікті мерекелерін жалпылап жібергенге көңілдері қоңыл тақсып, «Мен үшін ол бәрібір теміржолшылар күні» дейтін теміржолшылар аз емес.

Бұл тұрғыда ардагердің ұсынысы да бар екен. Айтуынша, Ресей коммунистер бекіткен датадан бас тартып, мерекенің түп тарихына қайта оралып жатса, бізге неге өз тарихымызға

батынамыз, кузнично-прессовое и сварочное оборудование. К ш.м. 1993-а-д выпускал вагон, и грузовые вагоны узкой колеи (900 и 750 мм), вагоны-самосвалы широкой колеи, электровозы.

**ДЕНЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКА** — календарная дата, в которую отмечается профессиональные заслуги работников ж.д. транспорта и достижения отрасли. Д.ж. был учрежден в России в 1936, и в России к дню рождения (25 июня) императора Николая I, при котором началось строительство ж.д. в стране. В этот день центральные и местные ж.д. учреждения не работают, а вечером организовывался ужин с концертом в зале Павловского вокзала Царскосельской железной дороги. Д.ж. регулярно отмечался до 1917. После революции эта традиция возобновлена в 1936. С тех пор по постановлению ЦИК СССР от 28 июня 1936 Д.ж. отмечается ежегодно в первое воскресенье августа как традиционный праздник железнодорожников.

**ДЕПО** (франц. депот, букв.— склад, хранилище) — предприятие, предназначенное для обеспечения эксплуатации и ремонта локомотивов, составов, локомотивов, вагонов, моторвагонных секций магистральных ж.д. и метрополитена, трамвая.



үнілмеске дейді.

– Қазақстанға теміржол патшалық Ресей тұсында тартылған Орынбор-Ташкент теміржолымен келді деп санаймыз ғой, жарайды сол дата қалсын-ақ, Ресейдің Орта Азияға жол ашу мақсатын көздеген жобасы болса да батыстан бастап оңтүстік аудандарға өтіп, Ташкентке дейін теміржол тартылып, пайдасын да көрдік қой. Бірақ Қазақстанның төл теміржолының тарихы атақты Түркісбеген басталады. Қазақстан теміржолының атасы – сол Түркісбеген туған күні, яғни Айнабұлаққа қос бағыттан салынған жол түйісіп, күміс шеге қағылған 30 сәуірді неге «Теміржолшылар күні» етіп бекітпеске? – деп ұсыныс айтады Қазақстанның еңбек сіңірген көлік қызметкері

Әби Сарқыншақов.

Жалпы, теміржолшылардай өз кәсібіне адал халық аз. Мейлі ол пойыздар қозғалысын басқаратын диспетчер, қос рельсті жамап-жасқап күні өтетін жолшы немесе тізбек-тізбек пойыздарды сүйреген тепловоз машинистері болсын, өз кәсібіне шын берілген, жандары сірден берік, қиындыққа төзімді жандар. Сондықтан да теміржолшылар арасында өз мамандығын ауыстырып, орта жолда басқа кәсіпті таңдайтындар жоқтың қасы. «ҚТЖ» ҰК АҚ басқарма төрағасының жанынан құрылған Консультативтік кеңес мүшелері осы салаға қырық-елу жыл еңбегі сіңген қадау-қадау тұлғалардан тұрады. Әби Сарқыншақов, Нығметжан Есенгарин, Қалтай Сәмбетов сынды осы кеңес мүшелері теміржолдың жырын жырлап, жоғын түгендеп, күні бүгінге дейін жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүргені – сол салаға деген шексіз сүйіспеншіліктері емей мемене?!

Осы ардагерлердің бастамасымен өткен жылы Луговой станциясы Түркісбеген аты иемденді. Аты аңызға айналған құрылыс бастау алған станцияның «Түркісбеген» атаулы тарихи әділеттіліктің салтанат құруы дер едік.

Ендеше, Қазақстанда жұмысшы табының, жұмысшы интеллигенциясының қалыптасу көшін бастайтын теміржолшылар құрметіне жеке мереке күнін белгілеу керек деген пікірімен келісу – осынау темірдей төзімді, қайсар рухты кәсіп иелеріне деген құрмет болса керек.

Бұл – бүкіл саналы ғұмырын теміржол саласының өсіп-өркендеуіне арнаған қадірменді ақсақалдың жеке көзқарасы, ұсынысы. Сіз не дейсіз, оқырман?

ЗАЩИТА ОТ КОВАРНОГО ВИРУСА



В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Қарагандинское отделение ГП» продолжаются мероприятия по проведению вакцинации сотрудников от коронавирусной инфекции.

**Светлана МОГАЙ,**  
Қараганда

На сегодняшний день два компонента прививки уже получили 68,19% железнодорожников. Процедура по вакцинации проводится в ТОО «Қарагандинская железнодорожная больница» без записи и очереди.

Вакцинация является единственным и надежным способом против заражения или осложнения течения заболевания.

– Если раньше приходилось убеждать сотрудников железной дороги получить прививку от covid-19, то сейчас они это делают абсолютно добровольно, – говорит директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Қарагандинское отделение ГП» Марлен Кокрекбаев. – В настоящее время все они чувствуют себя хорошо.

После получения двух доз вакцины против коронавирусной инфекции в личном кабинете гражданина на портале «электронное правительство» появляется персональный паспорт вакцинации. В сертификате иеется информация о дате введения вакцины и используемом препарате.

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСТЫ



Темір жолдағы қалыпты жұмыс ырғағы бұзылмауы үшін коронавирусқа қарсы ұжымдық иммунитетті қалыптастыру керек екенін түсінген аймақ теміржолшылары екпе алуды жалғастыруда.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Қызылорда ЖТ бөлімшесі кадр бөлімінің маманы Гүлнәр Сахиева бүгінгі таңда бөлімше теміржолшыларының 80,1 пайызы коронавирус инфекциясына қарсы екпе алғанын мәлімдеді. Бөлімшеге қарасты Қазалы вагон пайдалану депосы теміржолшыларының 94,4 пайызы екпе салдырып үлгерген. Одан кейінгі орында ұжымның 86 пайызы екпе алған Қызылорда локомотив пайдалану депосының машинистері де белсенділік танытуда.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімінің бастығы Айда Нұрмашқызы жалпы ұжымның 90,9 пайызының вакцина алғанын жеткізді. Соның ішінде Қазалы жол дистанциясында ұжымның 97,5 пайызы екпе алған. Демек, қызылордалық теміржолшыларда ұжымдық иммунитет қалыптасты деген сөз.

Өйтсе де, әлемдік деңгейдегі инфекциялық індетке қарсы күрес екпе алумен шектелмей, сақтық шаралары күшейтілуде, жұмыс кезінде карантиндік талаптар қатаң сақталып, барлық шаралардың мүмкіндігінше қашықтан атқарылуына мән берілуде.

НАРУШИТЕЛИ НЕ ПРОЙДУТ



Около 300 человек с «красным» статусом выявлено на железнодорожных вокзалах городов республиканского и областного значения с момента внедрения программы Ashyq.

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Нұр-Сұлтан



Больше всего нарушителей режима самоизоляции зафиксировано в столице. Так, на вокзале Нур-Султан-1 выявлен 121 человек с «красным» и «желтым» статусами в Ashyq, столько же игнорирующих правила казахстанцев обнаружено на вокзальном комплексе «Нұрлы жол». Стоит отметить, что люди с «красным» и «желтым» статусами в зданиях вокзалов не допускаются. О нарушителях сообщается работникам СЭС на вокзалах, которые проводят дальнейшие мероприятия согласно утвержденному полномочными органами алгоритму.

В целом за период работы Ashyq на железнодорожных вокзалах городов республиканского и областного значения с «красным» статусом пытались попасть 296 человек, с «желтым» – 177.

Для предупреждения распространения коронавирусной инфекции АО «Қазақстан темір жолы» призывает пассажиров заранее проверять свой статус в приложении Ashyq и Kaspi.kz с помощью нейтрального QR-кода.

Напомним, «красный» статус присваивается, если человек сдал ПЦР-тест на коронавирус и получил положительный результат. Обладателям этого статуса предписано соблюдать строгий режим домашней изоляции. «Желтый» присваивают контактным лицам, которым разрешено выходить за продуктами или в аптеку возле дома, однако запрещается посещать другие общественные места.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЛУЧШИЕ НА ШАХМАТНОМ ПОЛЕ



В АО «НК «КТЖ» прошел онлайн-турнир по шахматам, собравший порядка 50 любителей этого интеллектуального вида спорта из разных регионов страны. Лучшими на виртуальной доске стали железнодорожники из Шымкента Елена Маньшина и Саттар Башаров.

**Любовь РОВБА,**  
Нұр-Сұлтан

Спортивное мероприятие организовано в рамках сотрудничества АО «НК «КТЖ» с учебно-образовательным центром «Мерей» и приурочено к Дню работников транспорта РК.

Турнир прошел на игровой шахматной платформе lichess.org по швейцарской системе в 9 туров (с контролем времени 7+2) отдельно для мужчин и женщин. Попробовать свои силы в борьбе за призовые места могли все желающие. Специалисты центра «Мерей» провели с каждым из них предварительный инструктаж, ознакомив с нюансами игры в режиме «онлайн».


– Мы тренируем сотрудников ҚТЖ и их детей на протяжении полугода и наблюдаем положительную динамику. Отмечу, что многие железнодорожники пришли на курс с хорошим багажом знаний, имеют разряды, немало и новичков, однако все они на прошедшем турнире продемонстрировали высокий уровень, волю к победе, играли остро, активно, интересно, – поделился впечатлениями главный судья турнира – старший тренер

шахматной школы «Мерей», кандидат в мастера спорта Ахмет Окпебаев.

Борьба на шахматном поле действительно выдалась напряженной. Некоторые спортсмены основной упор делали на оборону, другие же смело шли ва-банк. Так, например, охранник ТОО «Қушмұрғасын» тепловозо-ремонтный завод Виктор Ивановичко победил в номинации «Самая лучшая атака на короля», а инструктор по спорту Алматинского филиала АО «Казпрофтранс» Альберт Колдасбаев продемонстрировал «Красивое завершение партии жертвой ферзя».

Призовые места по итогам турнира распределены следующим образом. Среди мужчин первое место занял машинист тепловоза Арысского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-32) Саттар Башаров, в шаге от него остановился оператор по обслуживанию вагонов и контейнеров Кандыагашского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-4) Нуржан Касаев, замкнул тройку призеров менеджер АО «Кедентранссервис» Ерлан Дюсюков, представивший столицу.

Среди женщин лучшей стала инструктор-организатор по спорту Шымкентского региона Елена Маньшина. На втором мес-



те – менеджер департамента экономики ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Гаухар Наримбаева, на третьем – начальник ОБС «Транстелеком» Жанагуль Аканова из Семейа.

– Очень рада победе в турнире, приуроченном к нашему профессиональному празднику. Все соперники были достойные. Приятно отметить, что наши коллеги любят шахматы и показывают хорошие результаты. Отдельно хочу выразить благодарность руководству компании за возможность пройти курс обучения и проявить себя в онлайн-турнире. Несмотря на опыт и первый разряд по шахматам, я открыла для себя немало нового, – сказала Елена Маньшина. – Этим интеллектуальным видом спорта увлекается вся моя семья – муж и сын тоже активно участвуют в соревнованиях. В свободное время стараемся оттачивать свои навыки, ведь человеку всегда есть куда расти.

Фото автора



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газеттi басылатын қалалар: Нұр-Сұлтан, Сiлетi 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газеттi сейсенбi, жұма күндерi шығады.

Газеттi шығару және тарату қызметiмен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар: Л. Ровба, С. Бакеева

Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66 Шымкент: Жаная Сьдықбай 8-707-390-17-18 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдаан Ертай 8-747-535-21-58 Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97 Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.